№ исх: 04-08/1648 от: 25.05.2021

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Петропавл к., Қазақстан Конституциясы қ., 72
тел/факс:(7152) 33-23-31
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

г.Петропавловск, ул.Конституции Казахстана ,72
тел/факс:(7152) 33-23-31
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«___»_____ №_____

«KhaN2021» ЖШС
Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы
Үміт КӨШЕСІ, 7

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2021 ж. 12.05. № 102888 өтінішіңізге, Департамент «Петропавл қаласы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) № 5720075-1 ашық конкурс тәсілімен, № 41783230-ОК2 лот бойынша өткізген «спорттық тренажерларды орнату» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізгендігін хабарлайды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша Сіздің өтінішіңізде көрсетілген дәлелдер ішінара расталғаны анықталды.

«Жаңатас Құрылыс Сервис» ЖШС, «РАКО Group Co» ЖШС әлеуетті өнім берушілерін конкурстық өтінімдер конкурсына қатысуға негізсіз жіберу мәселесі бойынша Заңның 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ***«****Әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы»*.

Заңның 9-бабы 3-тармағына сәйкес *«Әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады»*.

Конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасы 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші *«растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті қажетті материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді»* ұсынады.

Бұдан басқа, конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасы ескертпелерінің 7-тармағына сәйкес *«Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек*

25.05.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.18.4)

ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады».

Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасы ескертпелерінің 1-тармағына сәйкес *«Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және <u>қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі</u> жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады».*

Осы конкурсты ұйымдастырушы 1-3-қосымшада (құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары) әлеуетті өнім берушіге қажетті **<u>материалдық</u>** ресурстардың болуы туралы талаптарды белгіледі: *«Дәнекерлеу металл конструкцияларының полимерлік бояуын жағуға арналған жабдық – 1; Автомобиль базасындағы автобетонараластырғыш – 1; Кен балға – 3; Тиегіш экскаватор – 1; Бортты автомобиль – 2; Өнеркәсіптік шаңсорғыш – 2; бұрыштық ажарлағыш машина – 3; Құрылыс-монтаждау бұрамашеге бұрағышы – 5; Электр бұрғы – 8; Температураны реттейтін дәнекерлеу элементтерін кептіруге арналған электр пеш – 1; Тиегіш– 1; Жүк-жолаушы автомобилі - 2».*

Осылайша, «Жаңатас Құрылыс Сервис» ЖШС әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде, атап айтқанда конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасында осы жұмыстарды орындау үшін конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасына сәйкес талап етілетін біліктілік туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (қосалқы мердігер) құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезінде толтырады), материалдық ресурстар – *Автомобиль базасындағы автобетонараластырғыш-1; Кен балға – 2; Борттық автомобиль – 2; Өнеркәсіптік шаңсорғыш – 2; Жүк-жолаушы автомобилі – 2; Тиегіш - 1* мәлімделмеген.

Баяндалғандардың негізінде «Жаңатас Құрылыс Сервис» ЖШС Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11.12. № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының *(бұдан әрі - Қағидалар)* 150-тармағы 1) тармақшасына сәйкес қабылданбауы тиіс еді: «Егер әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай: әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, негіздері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, ол конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылды)».

Қағидалардың 150-тармағының 1) тармақшасын ұқсас бұзушылықтар әлеуетті өнім берушіге рұқсат беру кезінде жол берілген:

- «PAKO Group Co» ЖШС әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасында қоса берілген біліктілік туралы мәліметтерде осы жұмыстарды орындау үшін конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасына сәйкес талап етілетін материалдық және еңбек ресурстары, материалдық ресурстар - *Автомобиль*

25.05.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.18.4)

базасындағы автобетонараластырғыш - 1; Жүк-жолаушы автомобилі – 2 мәлімделмеген.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасында мәлімделген тиегіш экскаваторға растау құжаттары, атап айтқанда 2021 ж.29.03. Н.Н.Сейдалиевпен алдын ала жалдау шарты, №0001084 техникалық паспорт қоса берілген.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 2015 ж. 30.11.№598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өткен жөн.

Департамент ұйымдастырушының атына камералдық бақылау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберді.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР 2007 ж. 12.01. № 221 Заңының 12-бабына, 14-бабы 6-тармағына сәйкес, Сіздің өтініш бойынша қабылданған шешімге бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, сондай-ақ қабылданған шешім туралы белгілі болған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей сотқа шағым жасауға құқығыңыз бар.

Басшы орынбасары **З.Қапарова**

25.05.2021 ЕСЭДО ГО (версия 7.18.4)

Орынд.: Еремеев А.В.
Тел.: 8(7152)33-28-75